

"Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіруге, өткізуге және сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 маусымдағы № ҚР ДСМ - 53 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 маусымда № 23184 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қауалысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіруге, өткізуге және сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. "Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіруге, өткізуге және сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 18 наурыздағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18401 болып тіркелген, 2019 жылғы 10 сәуірде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сактау министрі

A. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сактау министрі
2021 жылғы 21 маусымдағы
№ ҚР ДСМ - 53 бұйрығымен
бекітілген

"Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіруге, өткізуге және сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіруге, өткізуге және сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігі туралы Ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіру объектілерінің жер учаскесін таңдауға, жобалауға, жаңасын салуға, қолданыстағы объектілерді реконструкциялауға, қайта жабдықтауға, қайта жобалауға және кеңейтуге, жөндеуге және пайдалануға енгізуге, сумен жабдықтау, суды бұру, жылумен жабдықтау, жарықтандыру, желдету және ауа баптау жүйелеріне, парфюмерлік-косметикалық өнімді өндіруге, сақтауға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сактау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) жарамдылық мерзімі – парфюмерлік-косметикалық өнім мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз болып саналатын кезең. Жарамдылық мерзімін өнімді дайындаушы техникалық құжаттарда белгілейді;

2) парфюмерлік-косметикалық өнім (бұдан әрі – ПКӨ) – жалғыз немесе басты мақсаты оларды тазарту, олардың сыртқы түрін өзгерту, жағымды иіс беру және (немесе) дененің ісін өзгерту және (немесе) оны қорғау және (немесе) жақсы жағдайда сақтау және (немесе) оларды күту болатын, адамның сыртқы жамылғысына (терісіне, түкті жамылғысына, тырнағына, ерніне және сыртқы жыныс ағзаларына) немесе тіске және ауыз қуысының шырышты қабығына тікелей жағуға арналған зат немесе заттардың қоспалары;

3) технологиялық процесс – өнімді дайындау кезінде шикізаттың, компоненттердің, материалдардың физикалық және (немесе) химиялық, және (немесе) құрылымдық-механикалық, және (немесе) микробиологиялық және (немесе) органолептикалық қасиеттері мен сипаттамаларын өзгерту;

4) технологиялық процестің ағымдылығы – шикізат пен дайын өнімнің, ластанған және таза мүкеммалдың қарама-қарсы немесе айқас ағынын болдырмайтын жүйелілік тәртібімен жабдықты орналастыру.

Осы Санитариялық қағидаларда осы тарауда айқындалмаған терминдер "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс), "Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінде (бұдан әрі – КО ТР 009/2011) белгіленген мәндерде пайдаланылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіру бойынша объектілердің жер участкесін таңдауға, оларды жобалауға, жаңасын салуға және қолданыстағысын реконструкциялауға, қайта жабдықтауға, қайта жобалауға және кеңейтуге, парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіру бойынша объектілерді жөндеуге және пайдалануға енгізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. ПКӨ өндіру бойынша объектілердің жер участкесін таңдау, оларды жобалау, жаңасын салу және қолданыстағысын реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жобалау және кеңейту, ПКӨ өндіру бойынша объектілерді жөндеу және пайдалануға енгізу Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43, 44, 44-1, 48-баптарына және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Занының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы

мемлекеттік нормативтердің талаптарына (бұдан әрі – сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптары), КО ТР 009/2011 сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің талаптары ескеріле отырып айқындалады.

ПКӨ өндіру бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Занының 17-бабының 2-тармағына және 3-қосымшаның 30-тармағына сәйкес эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объектінің қызметінің (пайдаланылуының) басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарламамен қызметтің басталғаны және тоқтатылғаны туралы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне хабардар етеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. ПКӨ өндіру бойынша объектілерді салуға жер учаскесін тандау, оларды жобалау, жаңа ПКӨ өндіру бойынша объектілер салу және қолданыстағы ПКӨ өндіру бойынша объектілерді реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жобалау және кеңейту, жөндеу және пайдалануға енгізу кезінде мынадай жер учаскелерінде:

- 1) мал қорымдарына, уытты қалдықтарды көму орындарына, қоқыс төгетін орындарға, көң қоймаларына, ассенизация аландарына, зираттарға пайдаланылған, сондай-ақ топырағы органикалық және химиялық сипаттағы ластанған;
- 2) радиациялық қауіпсіздік нормативтерінен артатын;
- 3) күйдіргі бойынша стационарлық-қолайсыз пункттердің топырақ ошақтары болып табылатын;
- 4) сумен жабдықтау көздерін санитариялық қорғаудың бірінші аймағындағы;
- 5) көмір және басқа да шахталар мен ажырау жыныстары үйінділерінің қауіпті аймақтарындағы жер учаскелерінде ПКӨ өндіру бойынша объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

5. ПКӨ өндіру бойынша объектілердің үй-жайларының көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерін жобалау және реконструкциялау кезінде шикізаттың, қаптамалау материалдарының, өлшеп оралмаған және дайын өнімнің ластануын болдырмайтын технологиялық процестердің ағымдылығын сақтай отырып көзделеді.

6. ПКӨ өндіру бойынша объектілер жеке аумақта немесе дәрілік заттар өндірісінің құрамында орналастырылады. Өндірістің аумағында жарықтандыру, қоршау және көгалдандыру көзделеді.

Аумақ өндірістік және шаруашылық аймақтарға бөлінеді:

1) өндірістік аймақта: өндірістік үй-жайлар, шикі және дайын өнімдерге арналған қойма үй-жайлары, тұрмыстық үй-жайлар, медицина пункттері қамтылған өндірістік корпус орналастырылады;

2) шаруашылық аймақта: жөндеу шеберханалары, ыдыстарды және отынды сақтауға арналған қоймалар, қоқыс жинауға арналған контейнерлері бар алан, орналастырылады.

7. Шаруашылық аймақ өндірістік аймаққа қатысты желдің ық жағында орналасады және жасыл көшеттермен бөлінеді. Көлік кіретін жерлер мен жаяу жүргіншілер жүретін жолдардың қатты жабыны болады.

8. Қалдықтар мен қоқыстарды жинау үшін су өтпейтін жабыны бар аланды орнатылатын металл контейнерлер пайдаланылады. Қалдықтар мен қоқыстарды шығару олардың толуына байланысты жүргізіледі.

9. Үй-жайды ішкі әрлеу үшін Еуразиялық экономикалық одақ өнімін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірынғай тізілімінде тіркелген ылғалды жинауға және дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге жеңіл материалдар пайдаланылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Өндірістік үй-жайлар санитариялық-тұрмыстық, қызметтік, әкімшілік үй-жайлардан оқшауланады.

11. Жұмыскерлер үшін киім іletін орын және дәретхана жабдықталады.

12. Жұмыскерлерге арналған асхана немесе буфет тұрмыстық үй-жайлардың құрамында немесе бөлек тұратын ғимараттарда орналастырылады.

3-тарау. Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіру бойынша объектілердің сумен жабдықтау, суды бұру, жылумен жабдықтау, желдеткіш және ауа баптау жүйелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

13. ПКӨ өндіру бойынша объектілердің ғимараттары сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес орталықтандырылған сумен жабдықтау, суды бұру, жылу, желдету және ауа баптау жүйелерімен қамтамасыз етіледі және жабдықталады.

14. Техникалық және ауыз сулардың бөлек су құбырлары көзделеді, ажырату түстерімен боялады және өзара қосылыстары болмайды.

15. Өндірістік үй-жайларда суды бұру жүйесі жоспарланады және өнімнің ластану тәуекелін болдырмай есебімен орындалады.

16. Өндіріс үшін, шикізатты және дайын өнімді сақтау үшін үй-жайларда тұрмыстық сарқынды сулар құбырларының төсеміне жол берілмейді.

17. Орталықтандырылған суды бұру желісі жоқ елді мекендерде объектілерді орналастыру кезінде жергілікті суды бұру жүйесінің құрылғысы көзделеді. Сарқынды

суларды қабылдау жерасты су өткізбейтін сыйымдылықта жүзеге асырылады. Сарқынды суларды қабылдауға арналған ыдыс қақпақпен жабдықталады және шаруашылық аймағына орналастырылады және толуына қарай тазартылады.

18. Ашық су қоймалары мен іргелес аумаққа сарқынды суларды жіберуге, сондай-ақ сініріп алатын құдық құрылғысына жол берілмейді.

19. ПКӨ өндіру бойынша объектілердің ғимараттары орталық жылдыту жүйелерімен жабдықталады. Орталықтанған жылумен жабдықтау көзі болмаған кезде дербес қазандық немесе басқа да жылумен жабдықтау көзделеді.

20. ПКӨ өндіру бойынша объектіде "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-15 бұйрығының сәйкес бекітілген адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерінің талаптарына және сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес табиғи және жасанды жарық көзделеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Өндірістік үй-жайларда жарықтандыру жүйелері барлық сынықтарды оқшаулауға және олардың өнімдерге түсүне жол бермеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

22. ПКӨ өндіру бойынша объектінің ғимараттарында желдету және ауаны баптау жүйелері көзделеді. Ғимараттарды желдету және ауа баптау жүйелерін жобалау Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Өндірістік үй-жайлардың ішінде орналастырылған үй-жайдың ауасына зиянды немесе қатты иіс бөлөтін бастапқы өнімдерді, жартылай өнімдерді жинау орындары сору желдеткіші бар арнайы жабынмен жабдықталады.

24. Өндірістік үй-жайларға орнатылған желдеткіш және ауа баптау жүйелері өндірістік үй-жайға өнімнің ластануын болдырмайтын ауаның келуін қамтамасыз етеді.

4-тaraу. Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіру бойынша объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

25. ПКӨ өндіру бойынша объектілердің қызметі осы Санитариялық қағидалар сақталған кезде Кодекстің 20, 36, 46-баптарына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Занының 17-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

26. ПКӨ өндіру бойынша объектілерде жабдықты орналастыру және жұмыс істеуі шикі және дайын өнімнің араласуы мүмкіндігін болдырмай, қызмет көрсету, жуу, дезинфекциялау және жөндеу үшін жабдыққа еркін қолжетімділік мүмкіндігімен шикізаттың, қаптамалау материалының, өлшеп оралмаған және дайын өнімнің ластануын болдырмай, технологиялық процестің ағымын сақтай отырып қамтамасыз етіледі.

27. Өндіріс процесіндегі ПКӨ-ның қауіпсіздігі 009/2011 КО ТР 7.2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Химиялық заттардың, температураның әсеріне төзімсіз және олармен жанасатын ортаға зиянды химиялық заттарды бөлуге қабілетті материалдардан жасалған жабдыққа жол берілмейді.

29. Сұйық зиянды және (немесе) қатты иісі шығатын заттарға арналған дозалау аппаратурасы олардың толуынан сақтайтын құрылғылармен жабдықталады.

30. Сусымалы заттарды тиеу және түсіру шаң бөлінуді болдырмайтын тәсілмен жүзеге асырылады.

31. Сұйық шикізатты тиеу жабық коммуникациялар арқылы жүзеге асырылады. Зиянды және (немесе) қатты иісі бар заттардың ерітінділерін ашық ағыспен беруге жол берілмейді.

32. Үй-жайларды жинауды сығылған ауамен жүргізуге, үй-жайларды және жұмыс беттерін жуу үшін органикалық ерітінділерді пайдалануға жол берілмейді. Жинау жұмыстары жуу құралдарының су ерітінділерін пайдалана отырып жүргізіледі.

33. Өндірістік үй-жайларға жануарлардың, оның ішінде кеміргіштер мен жәндіктердің енуіне жол берілмейді.

34. Өндірістік үй-жайлар ультракүлгін сәулелегіштермен жабдықталады.

35. Өндірістік үй-жайларда арнайы киім (халат, медициналық немесе мата маскасы, қолғап) кио қажет.

Арнайы киімді сақтау ашық тәсілмен жүзеге асырылады, ол үшін тұрмыстық үй-жайлардың киім іletін орындары ілгіштермен немесе ашық шкафтармен, аяқ киімге арналған тұғырлармен жабдықталады. Киім іletін орын арнайы және жеке киімді сақтауға арналған бөлек шкафтармен жабдықталады.

Арнайы және үй киімдерін бірге сақтауға жол берілмейді.

36. Қызметтік міндетті орындау кезінде пайдаланылмайтын және өнімді ластау көзі болып табылатын заттарды өндірістік үй-жайларға алып келуге, осы үй-жайларда темекі шегуге және тاماқ ішуге жол берілмейді.

37. Асханаға кіреберісте киімдерге арналған киім ілгіш, сабынмен және электрлі сұлгімен жабдықталған ыстық және салқын су жүргізілген қол жуғыштар орнатылады.

38. Ідыстар, құрылыш және шаруашылық материалдары қоймаларда сақталады. Ідысты жинауга және оны асфальтталған аландарда шатырдың астында сақтауға жол беріледі.

39. Өндіруші (дайындаушы) шығарылатын ПКӨ-ның КО ТР 009/2011 талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

5-тaraу. Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді сақтауға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

40. Өнімдер, шикізаттар, материалдар, реактивтер регламентtelген сақтау мерзімі ішінде олардың сақталуын қамтамасыз ететін және араласуы мен ластануын болдырмайтын жағдайларды сақтай отырып, негізгі өндірістен оқшауланған арнайы үй-жайларда сақталады.

41. Шикізаттың, материалдар мен реактивтердің жарамсыз партиялары таңбаланады және олардың өндірістік процеске кездейсоқ тұсуін болдырмау үшін бөлек сақталады.

42. Қойма үй-жайларының шығарылатын өнім, қосалқы материалдар және шикізат номенклатурасына сәйкес келетін қуаты болады. Қолемдері, конструкциясы және орналасуы өнімді тиімді орналастыруға, жинау жұмысын және басқа да қажетті техникалық операцияларды жүргізуге мүмкіндік береді. Дайын өнім стеллаждарда және (немесе) тұғырықтарда сақталады.

43. Қоймада уытты және тез тұтанатын заттарды сақтауға арналған бөлек үй-жай (аймақтар) көзделеді.

44. ПКӨ-ны өткізу КО ТР 009/2011 талаптарына сәйкес өткізілетін өнімнің сәйкестігін бағалау құжаттары мен өндірушінің мәлімдеген шарттары (сәйкестік туралы декларация немесе мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік) болған кезде жүзеге асырылады.

45. ПКӨ-ны қоймаларда және өткізу орындарында сақтау және тасымалдау кезінде өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шарттар сақталады.

46. ПКӨ-ны сақтау және өткізу тاماқ өнімдерінен, құрылыштар мен әрлеу материалдарынан, автобөлшектерден, жанар-жағармай материалдарынан бөлек жүзеге асырылады.

47. ПКӨ-ы белгіленген жарамдылық мерзімі ішінде дайын өнім қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін тұтынушылық ыдысы болған кезде өткізіледі.

48. Жарамдылық мерзімі аяқталған, тұтынушылық ыдысында ақауы бар және сақтау шарттары бұзылған ПКӨ өткізуге жол берілмейді.

49. 009/2011 КО ТР талаптарына сәйкес келмейтін, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен ПКӨ-ы "Еуразиялық экономикалық одактың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) бірынғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қоюды және кері қайтарып алуша жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 39 бүйрүгімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34650 болып тіркелген) Еуразиялық экономикалық одактың техникалық

регламенттерінің талаптарына және (немесе) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қоюды және кері қайтарып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес алып қоюға жатады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК